

Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру қағидаларын бекiту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20512 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шiлдедегi Орман кодексiнiң 13-бабы 1-тармағының 18-52) тармақшасына және 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берiлiп отырған Уранды жерасты ұңғымасында шайып сiлтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру қағидалары бекiтiлсiн.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігiнiң Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесi комитетi заңнамада белгiленген тәртiппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлігiнде мемлекеттiк тiркелуiн;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігiнiң интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттiк тiркелгеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігiнiң Заң қызметi департаментiне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердiң ұсынылуын қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшiлiк ететiн Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрiне жүктелсiн.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 28 сәуірдегі
№ 99 бұйрығымен
бекітілген

Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру қағидалары (бұдан әрi - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шiлдедегi Орман кодексiнiң (бұдан әрi - Орман кодексi) 13-бабы 1-тармағының 18-52) тармақшасына, 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес әзiрлендi және Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру тәртiбiн айқындайды.

2. Мемлекеттiк орман қоры жерiнде уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру оны басқа санаттардағы жерге ауыстырмай, осы қағидаларымен айқындаған тәртiппен, бүлiнген жер учаскелерiн кейiннен рекультивациялай отырып және оларды орман иеленушiге бере отырып жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бүлiнген жер учаскелерi - адамның өндiрiстiк қызметi нәтижесiнде бастапқы ландшафтын және өзге де құндылығын жоғалтқан немесе топырақ жамылғысының, гидрологиялық режимiнiң және жер рельефiнiң бүлiнуiне байланысты қоршаған ортаға терiс әсер ету көзi болып табылатын жер;

2) бүлiнген жерлердi қалпына келтiру жобасы - сызбаларды, есептердi және сипаттауды, географиялық бейнелер мен негiздемелердi қамтитын техникалық, экономикалық, жоспарлы құжаттардың жиынтығы;

3) бүлiнген жер учаскелерiн қалпына келтiру - белгiлi бiр мақсатта пайдалану үшiн бүлiнген жердi, оның iшiнде бүлiнген жердiң керi әсерi нәтижесiнде өз құндылығын толық немесе iшiнара жоғалтқан iргелес жатқан жер учаскелерiн қалпына келтiруге, сондай-ақ қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жұмыстар кешенi;

4) мемлекеттік орман қорының жерлері - табиғи түрде ағаш өскен, бюджет қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген және ағаш өспеген (орманды және ағаш өспеген алқаптар), орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер;

5) орман иеленушілер - мемлекеттік орман қоры учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ Орман кодекске сәйкес жеке орман қоры учаскесі меншігінде болатын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар.

2-тарау. Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және оларды орман иеленушiге беру тәртiбi

4. Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрiнiң мiндетiн атқарушының 2015 жылғы 17 сәуiрдегi № 346 бұйрығымен бекiтiлген Бүлiнген жерлердi қалпына келтiру жобаларын әзiрлеу бойынша нұсқаулыққа (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 11256 болып тiркелген) сәйкес әзiрленетiн бүлiнген жерлердi қалпына келтiру жобалар негiзiнде жер қойнауын пайдаланушылармен жүзеге асырылады.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттiк орман қоры учаскелерiн уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру үшiн пайдаланған кезде жер қойнауын игерудiң алғашқы үш жылы бойы пайдаланылатын учаскенiң екi есе мөлшерiнде орман екпелерiн өтемдiк отырғызуды және орман айналған алаңға ауыстырылғанға дейiн оларды күтiп-ұстауды жүргiзедi.

6. Орман екпелерiн отырғызу үшiн орман екпелерiнiң сенiмдiлiгiн қамтамасыз етуге , оларды агротехникалық күтiп-баптау қажеттiлiгiн азайтуға және орман екпелерiн орман көмкерген жерлерге ауыстыруды тездетуге мүмкiндiк беретiн стандартты сеппелер мен көшеттер пайдаланылады.

7. Бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау кезiнде орман ағаштарын құру және орман екпелерiн өтемдiк отырғызу мемлекеттiк орман қоры учаскелерiнде орман иеленушi әзiрлеп, оның бiрiншi басшысы бекiткен жұмыс жобалар және осы салада маманданған жобалау-iздестiру ұйымдары әзiрлеген жұмыс жобалар бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрiнiң 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 18-02/681 бұйрығымен бекiтiлген Ормандарды молықтыру мен орман өсiру және олардың сапасына бақылау жасау қағидаларына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 10119 болып тiркелген) сәйкес жер қойнауын пайдаланушылармен жүзеге асырылады.

8. Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiру кезiнде мемлекеттiк орман қоры жерiнде бүлiнген жер учаскелерiн рекультивациялау және

оларды орман иеленушіге беру учаскелерді қарап-тексерген соң және бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасында көзделген жұмыстарды орындаудың толықтығы мен сапасын бағалағаннан кейін және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 200 бұйрығымен бекітілген Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17094 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісіне қол қойғаннан кейін аяқталған болып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК